

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**

Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**

Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

#### **Редакционная коллегия**

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute  
Institute, Astana, Kazakhstan  
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan

**Editorial Board**

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkeпова K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabekuly D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryzshyan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АВЫЛОВА Г.Е., АРИПЗХАН Г.Ж.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA V.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

---

САҒЫНАДИН Г. Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері..... 231

ТОҚСАМБАЕВА А.О. Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы  
ҚАДЫРОВ А.Қ. хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі..... 242

ҚАБЫШЕВ Т.Б.

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА  
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АЗАТБАҚЫТ А.А., М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық  
КАРТАЕВА А.М., негіздері..... 260

ТАМАЕВ А.Т.

ASAVBAEVA G.B., Teaching languages in technical universities..... 272

YEREZHNEPOVA S.K.

ZHUMSAKBAYEV A.T.

ГТАХР 16.21.29

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.05>

**Ы.Б. ШАҚАМАН** 

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар, Қазақстан  
(e-mail: [raya-s7@mail.ru](mailto:raya-s7@mail.ru) )

### СӨЗ ГЕШТАЛЬТЫ

**Аңдатпа.** Мақалада тақырыптың зерттеу нысанына әлем бейнесі, мағына жүйесі, ұлт жаратылысы мен мәдениеті туралы ғалым тілшілердің тұжырымдары алынды. Зерттеу мақсаты тілжасамды ғылыми танымдық жақтан негіздеу болып табылады. Сөздердің пайда болуы үлкен бір құрылымдық үдеріс екені, оған адам танымы, сана, әрекет, ой мазмұны ұғым – бәрі тұтастықта негіз болуы шарт екені баяндалады. Атап айтсақ, әлем мазмұнының санада шоғырлануы, адам әрекетінің мәні, ой мазмұны, мағына, ұғым бәрі тұтасқанда ғана атау сөз қалыптасады, осы сөз гештальты болып саналады. Осыған орай тақырыптың зерттелу мәні сөз гештальтының қалыптасуымен; адамзат тілі дамуындағы өзектілігімен, тіл мазмұнына әсер етуімен көрінеді.

Сонымен бірге мақалада зерттеулік тұжырымдарға аялық талдау жасау, саралау, мазмұндық-мағыналық (семантикалық) талдау, жалпылау мен жинақтау әдістері қолданылды. Осындай нақты көрсеткіштер арқылы адамзат тілжасамының психолингвистикалық мазмұны баяндалады. Сөздің жеке дыбыстан бастап мәтінге дейінгі аралықта гештальттық сипатта (тұтастықта) болатыны, сөз (атау) әлем бейнесін жеткізуші басты дискурс болып табылатыны жеткізіледі. Сөз гештальтын тану арқылы тілжасам жүйесінің ілімдік негіздері нақтыланады. Мақала иесі сөз санада әлемдік бейненің жинақталған, бір нүктеге түсірілген, концептілік жағынан шоғырланған бейнесі екенін; санадағы әлем бейнесінің атаулық, мазмұндық көрінісі болатынын талдайды. Қорытындысында жалпы сөз гештальты санада түрлі әрекетпен шоғырланған ой мазмұнынан қалыптасатыны тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** сөзжасам, сөз гештальты, психолингвистикалық, нейролингвистикалық негіздер, ойлау, мазмұн, тіл, пішін.

**Кіріспе.** Адамзат тілінің қалыптасуы тіл дыбысынан бастау алып, күрделі ұғымды мәтінге дейінгі аралықты қамтиды. Тіл ғылымында соның бәрі бір-ақ сөзбен қазір «сөзжасам», «тілжасам» деген ұғымдарға сыйғызылады. Бірақ әлі де болсын «сөзжасам» дегенде «туынды сөздер», «сөз тудырушы қосымшалар» деген бірліктермен тар аяда алып қарау қалыптасқан.

Сөзжасам – жалқыдан – жалпыға, дарадан – күрделіге, талдаудан – жинақтауға немесе жинақтаудан – талдауға қағидасымен жүріп отыратын үлкен тілдік үдеріс. Сөз тануға күрделі тілдік үдерісті, әрекетті белгілеп ашуға, бағыт беруде әр тілдегі жеке сөзжасамдық үлгіні де, жалпы адамзаттық сөзжасам үлгісін де ажыратып, анықтап көрсету қиын.

Мақаланың жазылу мақсаты адамзат тілжасамы негіздерін ғылыми танымдық астардан саралап көрсету болып табылады. Мақаланың жазылу міндеті – адамзат тілінің дискурстық қызметін, сөз гештальтын шығарудағы негіздемелерін ашу.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақаланың зерттелу негіздері мен деректеріне сөздің пайда болуы туралы зерттеу жасап, адамзат тілінің сөз жасау қызметі мен әлемдік бейненің сөзге (формаға) айналу сипаты, тілжасам туралы тұжырымдық сипат берген қазақ ғалымдары А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтың еңбектері; сөздердің жасалуы туралы мәселенің психологиялық-лингвистикалық астарын ашатын А.А.Леонтьев зерттеуіндегі психалингвистикалық тұжырымдар, Н.Б.Мечковскаяның сыртқы әлем бөліктерінің мида ақпарат болып жинақталуы туралы тұжырымдары, В.А.Маслованың ұлт мәдениеті мен жаратылысының сөзде шоғырлануы сипаты жайындағы пікірлері алынды.

Осыған орай мақалада тіл мазмұны (семантикасы, мәні) мен сөз гештальтының қалыптасуына қатысты тұжырымдардан тілжасамның философиялық, психологиялық негіздемелерін ашу үшін зерттеу әдістеріне мазмұндық талдау, аялық (контекстік) талдау, саралау, жалпылау мен жинақтау әдістері қолданылды.

Адамзаттың ым-ишарат тілі, дыбыстық тілінен бастап қазіргі тілге дейінгі, одан кейінгі де даму кезеңінде сөзі, тілі жасала бермек, бұл – өмір сүруді жүзеге асырушы басты құрал; сөз жасау. Жалпы сөз әлемдегі деректі-дерексіз құбылыстарды, әрекетті, өмір сүру белгілерін, жалпы дүниені, дүниетанымды атап көрсету үшін керек. Өйткені адам шексіз ойлау әрекетінде (үдерісінде) болады, ойлау болғанға дейін әрекет болады, содан ұғым, мағына, атау қалыптасады. Белгілі бір жағдайда келесі бір ойлауға дейін де атау, сөз, ұғым, мағына болады.

Ойлау болғандықтан да таңба, ым, дыбыс тілі, қазіргі сөйлеу тілі пайда болды. Ойлау – мазмұн, тіл – пішін (яғни тіл – ойлау мазмұнының пішіні). Мазмұннан сөздің пайда болуы мен қалыптасуы белгілі бір кезеңді қамтиды. Ол ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін, қай кезең болса да адам ой мазмұнының сөзге айналуы адам әрекетіне байланысты. Әрекет болған жағдайда ғана ойлау – мазмұн – ұғым – атау – сөз – тіл қалыптасады.

Сөздің жасалуы туралы зерттеу және оған күнделікті бақылаумен жинақталған тәжірибе арқылы сипат беру, ғылыми ілім, тұжырым беру – адамзат заманымен келе жатқан үдеріс. Әлемдегі тілдердің бастапқы сөз жасау



негізі, оның құрылымы, үлгісі туралы көзқарас-пікір зерттеулердің қайсысында болсын бір деңгейлес, бір сипатта. Олардың арасында тек замандық айырмашылық, кезеңдік (синхрондық, диахрондық) көзқарас алшақтығы ғана болуы мүмкін. Белгілі бір зерттеу синхрондық сипатта болса, заман өте келе ол диахрондық зерттеуге айналады.

Зат-құбылыс әлемі адамның танымдық әрекетімен санада мазмұндалып, ұғымға шоғырланады, соңына атауға түседі. Сөйтіп атау сөз – санада әбден мазмұндалып сіңген, танымдық әрекетпен шоғырланған әлемнің ұғымдық көшірмесі. Ендеше сөз жасау үшін адамның танымы түрлі үдерістен өтеді. Себебі әлем бейнесін қабылдауда сана әрекеті стереометрлі сипатта келеді де, содан әлемді танып, оны кері байланысқа шығару үшін ми қозғалысы тоқтаусыз әрекетте болады.

Бірақ әлем бейнесін қабылдаудың түрлі астарлы негізі, түрі болатындықтан, көріністік бейнесі де түрліше танылады. Қабылдаудың қарапайым, тікелей түрдегі, оқиғалық, үзінділік сипатынан әлемнің бір ғана қырындағы тікелей қабылданған мазмұнын түсінеміз. Сонымен бірге жаһандық қабылдау деген бар, бұл жағдайда дүниетаным жүйесі жинақталады, таным саналы, ішкі саралау, терең түрде жүзеге асады. Дүниетанымның бұл түрі, яғни әлем бейнесін кеңістіктің әр қырынан түйсіне білу, жаһандық қабылдау әлемді ғылыми мен философиялық негізде саралау, тану болып табылады. Ғалым А.А. Леонтьев мұны айырып көрсетеді: 1-түрдегі қабылдау әлемді тікелей сезіну болса, 2-түрдегі қабылдау – әлемді ғылыми және философиялық түрде саралап түйсіну; ол түрлі деңгейлі, шынайы қабылдаудан тыс теориялық негізде сезініп тануды білдіреді.

Зерттеуші А.А.Леонтьев психолингвистикалық ғылымды тәжірибелік (экспериментті) лингвистиканың нақ өзі деп көрсетеді. Ол лингвистика психолингвистикадан тәуелсіз, қатысынсыз зерттеу жүргізгенмен, екеуінің өзара байланыстылығын, бірінде өзгеріс болса, екіншісіне де әсер ететінін айтады. Сөйтіп ғалым лингвистикада тың көзқарас, пікір сирек болатынын, тұрақты күйде тұртынын, психолингвистика, логика, прагматика, т.б. гуманитарлы салалардың деректерімен зерттеу жүргізу арқылы ғана дамуға түсетінін айтып, тіл ғылымының тың бағыты, ішкі дамуы әлсіз деп береді. Бірақ ғалым бұл пікірін ХІХ-ХХ ғасырдағы тіл ғылымына қатыстырып айтқан [5;270]. Қазіргі тіл ғылымы өзінің зерттеу бағыттарын кеңейтті, өйткені ХІХ-ХХ ғасырдағына қарағанда қазіргі адамзат тілі ғылым мен техниканың дамуымен және экономикалық өзгеріспен, әлеуметтік жағдайдың құбылуымен «мазмұннан – формаға» бағытымен құрылымдық жағынан да, қолданыстық, сөйлеу дағыдысы жағынан да өзгеріске түсті. Осыған орай сөз қалыптасу гештальты да ықшамдалды.

Қазіргі психолингвистикада Адамзат пен Әлемнің өзара әрекетін белгілі бір үлгіге түсіріп көрсету, үлгілік бейнесін жасау бағытын ашу үшін зерттеу

жүргізілуде.

Тіл жүйесі – тіл жасау, қарым-қатынас жасау амалының негізі, қызметтік жиынтығы. Ал тілді игеру – жаңа ұғым, жаңа кеңістік, жаңа әлем, дүниені басқа қырынан көріп, жаңа сөз жасаудың бір көрсеткіштік амалы. Тіл жүйесіндегі жан-жақты танымдық астарды көре білу сөздің қандай заңдылықпен іске асатындығынан ақпар береді.

Зерттеуші А.А.Леонтьев әлемді қабылдаудың, әлем бейнесінің кәсіби жақтан қабылдануы («әлемнің кәсіби бейнесі») әлем бейнесінің түрлілігімен (инварианттылығын), қай қырынан танымға түсуімен, шоғырлануымен байланыстырады. Негізінде әлем бейнесі жеке көзқарастық қабылданумен болады. Жекелік қабылдану түрлілігіне (инварианттылығына) жалпы адамзаттық дүниетаным, дербес тұлғалық дүниетаным, ұлттық дүниетаным жатады. Өйткені дүниетанымдық бейнеде түрлілік жүйе бар. Сөйтіп А.А.Леонтьевтің «кәсіби дүниетаным басқа әлем бейнесін тануға итермелейді» деген тұжырымын сөз гештальты әдісінің бір негізі деп танытуға болады [6,269].

Сөз гештальты – сөздің пайда болуы кезінде қатысатын барлық тілдік, психикалық, физиологиялық, танымдық, т.б. деректі-дерексіз тетіктердің қызметтік тұтастығы. Сондықтан сөз тез пайда болмайды. Сөз пайда болуы үшін адам танымдық әрекетке түседі. Танымдық әрекет болмаса (танымдық әрекет дегеніміз – адам өміріне қатысты нәтижеге жеткізетін саналы, қимыл-қозғалыс жиынтығы, әлемдік өмірді түйсіну, қабылдау) сөз де шықпайды. Адам зат-құбылысқа, дерексіз әлемге көру, есту, сезіну, қозғау, қолға ұстау, иіскеу, түйсініп қабылдау арқылы ғана сөз (атау) береді. Егер зат-құбылысқа қатысты осы әрекеттердің бірі болмаса атау шықпайды, сөз туындамайды. Бірақ кейде ұғым ғана қалыптасып, атау берілмей қалуы мүмкін. Ал ұғымның сөз ретінде шықпай қалуы адам өміріндегі оның қажетті-қажетсіздігіне, маңызды-маңызсыздығына немесе қоғамдық өмірде нақтыланбауына келіп тіреледі. Яғни ұғым қалыптасып, атау берілмесе, әрекеттің, зат-құбылыстың нақты танылмауымен емес, оның қолданыстық әрекетке, қолдану аясына түспеуімен шектеледі.

Ғалым А. Байтұрсыновтың еңбегінде сөз сипаты танымдық мәнде қаралады. Тіл ғалымы «Сөзден құрастырып, пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. ... Тілдегі сөзден құрастырып, қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнері ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. ... Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу тіл қисыны деп айтылады» [1,233-234] – деген тұжырымы сөздің пайда болуы нақты бір заңдылықпен жүзеге асатынын негіздеп тұр. Ендеше сөздің пайда болуы белгілі бір заңдар тұтастығында ғана болады. Ол заңдылықтар жайдан-жай орындала салмайды, қисынды қиюласуы керек. Сондықтан да ғалым сөз заңдарын, шарттарын тіл қисынымен ұштастырады.

Тіл қисыны – сөз, сөйлем, сөйлеу логикасы. Сөз гештальтында да осындай логикалы байланыс болғанда ғана адамзат тілжасамы саналы шығады. Сөз гештальты түсінігі қисынды заңдылықтардың үйлесуімен ұштасады.

Ғалым Қ.Жұбановтың сөз туралы өте дәл нақтылап берген анықтамасы бар: «Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген затының, білген құбылысының ғана аты» [2,32]. Бұл арада ғалым танымайтын, білмейтін заттың да, құбылыстың да аты болмайтындығын айтып отыр. Танымдық әрекет дегенді осы тұрғыдан түсіну керек. Адамзат ешқашан өзі көрмеген затына, сезінбеген құбылыстық әрекетіне атау бере алмайды, оларды сөзге айналдыра алмайды. Осы тұрғыда Қ.Жұбанов сөздің қалыптасуын (сөз гештальтын) танымға, танымдық әрекетке қатысты нақтылай түседі: «Адам өзінің тіршілік тартысында кездесетін, пайдасын иә зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген, Шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ем болатын, у болатындарын ғана білген де, соларға ғана ат қойған» - деп, соңында түйінді анықтамасын береді: «Сонымен білінген нәрселерге қойылған атты сөз дейміз» [2,32].

Ғалымның түйінді анықтамасындағы «білінген нәрселерге» тіркесінен көп мәселені аңғарамыз. «Білінген» деген сөздің астарында сөздің қалыптасуын ашатын барлық танымдық әрекет тетіктері жатыр. Сол тетіктерді толық ашқанда сөз гешталты ұғымы түсініледі. Сөз гештальты – сөздің қалыптасу үдерісіне қатысатын тиісті тетіктердің жиынтық тұтастығы. Осы орайда зерттеушінің мына пікірі де дәл келеді: «Қыйынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз тіпті сөз болмай шығады» - дейді. Осындағы ғалымның «сөз бөлшектері» деп отырғаны – сөз тұтастығын беретін қажетті сөз құрау тетіктері. Сөз дегенде тек жалаң сөз емес, адамның мәтіндік құрылымындағы сөйлеу тілі де енеді. Мәтіндік құрылымдағы бөлшектер дұрыс құрылымаса немесе «сөгіліп кетсе» мәтін арқылы берілетін тұтас **ұғым-сөз** санаға жетпеуі де, ұғынылмауы да әбден мүмкін.

Сөз құрау тетіктеріне (сөз бөлшектеріне) таным – әрекет – ойлау – мазмұн-мағына – ұғым – дыбыстық пішін, таңба, аялық білім жатады. Сөздің пайда болу тетіктері бірнеше ғылыми негіздемемен шешім табады.

**Талқылау мен бақылау.** Сөз гештальтының психолингвистикалық негізі бірнеше ілімнің өзара байланысымен көрініс береді.

1. Адамның ойлау әрекеті, санада әлемді қабылдау, бейнелеу арқылы атау беруі тек қана тіл ғылымымен емес, бірнеше ғылым саласымен (психолингвистика, нейролингвистика, медицина, т.б.) тоғысады. Сөздің пайда болып, ұғымдық, мазмұндық, мағыналық жағынан толық қалыптасуында мидың сол жағы әлемдік құбылыстарды қабылдауда, сөздік бірліктерді жинауда ұлттық негізді тірек етсе; мидың оң жағы нақты ұғымға қатысты денотатты атауды тану, белгілеу әрекетін атқарады. Бұған қоса мидың оң жағы

күрделі құрылымдағы сөйлеуді, ал сол жақ ми қабаты жеңіл, қарапайым сөйлеуді іске асырады екен. Сөйте тұра ғалым А.А.Леонтьев сол жақ ми күрделі құрылымдағы айтылымды сөз, атау тудыруда негіз болатынын, яғни сол жақ ми сөз тудыру әрекетін, мәтіннің логикалы байланысын сақтау қызметін атқаратынын айтады

2. Тағы бірде ғалым А.А.Леонтьев оң жақ ми тілі нақты, бейнелі келетінін, онда сөздік қор айқын келіп, сезімдік әсер болатынын, сол жақ мида тіл күрделі синтаксистік байланыста келетінін, ойлау әрекеті терең болатынын, бірақ мидың екі жағы да бірін бірі қайталамайтынын, екі түрлі сөйлеу әрекетін іске асыратынын түсіндіреді. [6;269]. Сөйтіп ми талшықтары арқылы сөз жасау үдерісінің нейрофизиологиялық негіздемесін көреміз. Бұл арқылы сөз гештальтын құрайтын жиынтық тетіктерді түсінеміз және сөз гештальтының сипатын ашамыз. Сөз гештальты – сөздің пайда болуына тікелей қатысатын әрекет, таным, ойлау, түйсіну, мазмұн-мағына, ұғым, денотаттық таңба, дыбыстық таңба, пішін, қабылдау, контекстік мағына, аялық білім деген тетік бірліктердің тұтасуы, адамзаттың қолданыс тілі, сөзі, сөйлеу мәнері, мәтіні.

Мысалы: 1960-70 жылдары еніп, 1980 жылдары қазақ тілінде нақты аударылып, туындаған «Балмұздақ» сөзін талдайық.

Бұл атаудың сырт тұлғасына, мазмұндық сәйкестігіне қарап және заттың өзіне дәл қойылып аталуына қарай оның қазақилығына ешкім шүбә келтірмейді. Қазақ тілінде **Тәтті** концептісін құрайтын «бал» сөзі әуелден бар, сондай-ақ **Суық** концептісін белгілейтін «мұз» сөзі де еш кірмесіз тілімізде қалыптасқан. Алайда біздің ұғымымызға сүт, қант, т.б. құрама тағамдық өнімнен тұратын, мұздатылып жасалатын, тәтті, жеуге арналған, басқа тіл арқылы (орыс тілі) «**мороженное**» деп аталатын тағам түрі (зат) өндірістің дамуымен енді. Бірақ тағамның (заттың) құрамы таныс (заттық құрамды білдіретін сөздер: сүт, қант) әрі атаулары қазақ тілінде болса да, «Мороженное» сөзі тікелей аударуға қазақ тілінің концептісіне сай келмеді. Осыған байланысты заттың дәмін тату арқылы оның тәттілігі мен мұз болып қатып тұратындығы мазмұндық жағынан араласып тұтасқаннан кейін, қазақ тілінде әдеби қалыпқа сай келетін «Балмұздақ» сөзі жасалып қалыптасты. Бұл арада сөздің жасалуы заттың құрамын құрайтын сүт, қант атауларына қатысты туындаған жоқ, Тәтті және Мұздату әрекеті концептілерінің тұтасуынан шығып отыр. Қазақ тілінде Тәтті концептісі мен «Мұздату әрекеті» (Суық концептісі) деген түсінік теңбе-тең түсіп, мұздың балдай болуы «танылып», «Балмұздақ» атауы қалыптасты. Ал орыс тілінде «Мұздату әрекеті» басым түсіп, ұғым «мұздай болу» дегенге ауып, «Мороженное» атауы берілген. Мұнда «Тәтті» концептісі қосарланбаған.

Ми қызметі әлемдегі зат-құбылыстың, қоғалыс-әрекеттің, жалпы деректі-дерексіз үдерістің сөздік атауға айналуын қамтамасыз етеді. Осылайша сөз гештальты адами физиологиялық, психикалық жақтан тығыз байланысады.

2. Сөз гештальты іліміне халық, ұлттық болмыс, ұлттық тіл мен мәдениет те негіз болады. Тілдің мәдени астарын зерттеген ғалым В.А. Маслова әлем туралы ақпараттың адамға лингвистикалық амалдармен жететінін; деректі әлемге қарағанда, интеллектуалды, рухани, әлеуметтік қажеттілікті түсіндіретін танымдық (концептілік) әлемге бай келетінін, өйткені адамға көп ақпарат сөз арқылы түсіп, содан адам сөйлеуді, сөйлеу мәдениетін меңгеру арқылы сөз құпиялылығына терең бойлауды біліп, қоғамдағы жетістігін, тұлғалық бейнесін таныта алатынын [7;4] айта келіп, сөзден ұлттық әлем бейнесін танып білуге адамның өзі тікелей себепкер болатынын айтады.

Адамның әр сөзінде жеке тұлға, ұлт, ел мәдениетінің белгісі көрініп, сол арқылы әлем бейнесінің сан қырлы сипаты тағы да сөзге айналып отырады.

Мәдениеттің сөз арқылы жеткізілуі дегеніміз – ұлт қабылдаған әлем бейнесінің шығарма, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар т.б.арқылы танылуы. Сөз жасау қызметін атқаратын жоғарыда аталған тетік бірліктер арқылы туындаған сөздер ұлт жаратылысын, болмысын ашады. Бұл сөз гештальтының мәдени философиялық сипаты дегенді білдіреді..

3. Мағына-мазмұн, таным жүйесі сөздің көрініс беруіне басты басқару **нүктесі** болып табылады. Н.Б. Мечковская сөз бен оның мазмұны, мағынасы, мағыналық қордың тілде жинақталып, сөздердің туындалуы, пайда болуы, тілде сипат алу көрінісі, мазмұндалуы туралы талдау береді [8]. Ғалымның талдауынша, сөздің қалыптасуында тілдің көмегімен жасалған әлем сипаты, мазмұн үзіндісі, қиығы туралы ақпараттың сол тілдің өзінде сақталуы, жинақталуы себеп болады. Ол ауызша/жазбаша түрлі хабарлама, сөздік қор арқылы мазмұндық сипат алады. Сөйтіп сана таныммен, мағына-мазмұн қорын өзіне шоғырлап, електен әбден өткізіп, қажетті жағдайда дерексіз құбылысты, қозғалысты, әрекетті ұғымға айналдырып, сөз пішінін жасауға үнемі дайын отырады.

Сөз гештальтының табиғи сипаты, ғылыми сипаты болады. Мысалы: «Тамыр» сөзін талдасақ, бұл сөздің табиғи қарапайым сипаты – өсімдіктің түбі. Ал терминдік, ғылыми сипаты – өсімдіктің топырақ арқылы су мен басқа да қоректік заттарды пайдаланатын түп бөлігі сабағы. Сөздің ғылыми сипатын ашу үшін оның нақты басты ұғымдық белгісі назарға алынады. Ендеше сөз гештальтының пайда болуында **ұғымдық белгі** басты шарт болады.

Әрекет – таным – мазмұн – ұғым – дыбыстық таңба – пішіндік таңба жиынтығының үдерісі – сөз гештальтының нақты қалыптасу үлгісі, жолы, үдерісі. Санаға таным арқылы шоғырланған мазмұн тұлғаланып, ұғымдық пішінге айналады, содан соң ұғым сыртқа дыбыстық пішінмен, таңбалық тұлғалық бірлікке түседі. Міне, сөз гештальты осындай үдеріс тұтастығында болады.

**Нәтижелер.** Тілде әлемдік бейненің алғашқы түп нұсқасы сақталған. Сол арқылы тіл заман ағымымен дамып отырады, сол арқылы алғашқы әлемдік

бейненің бастапқы ұғымы негізгі болып сақталады да, мағына жүйесі, таным кеңейіп отырады. Алғашқы қарапайым тіл мазмұндала отырып, әдеби тілге, ғылыми тілге айналып, жаңарып отырады. Әлемдік бейне жайындағы мазмұндық, танымдық шоғыр адам санасында сақталып, ол кейіннен тілжасамда, сөзжасамда негіз болады.

Тіл адам санасындағы танымдық шоғырды қажетті әрекет кезінде ұғым етіп шығарады. Осылайша сөз гештальты санада таным арқылы шоғырланып, жинақталған әлемнің пішіндік бейнесі саналады. Таным, семантика жүйесі сөз гештальтының өз алдына дербес мазмұндық, мағыналық, ұғымдық базасы ретінде қызмет атқарады.

1. Сөз гештальтының көрсетілген теориялық негіздемесінің әрбірі өзіндік дәуірлік кезеңмен дамиды. Сондықтан жоғарыдағы аталған теориялық негіздемелер сөз гештальтында тарихи негізге айналады. Сөз жасаудың танымдық негізін ғылымның әрбір саласымен ұштастырып, байланыстырып шығаруға болады. Сөз гештальтында тіл ғылымынан тыс басқа ғылым түрлері де міндетті түрде шектеседі. Бірақ сөз гештальты белгілерін ашу – синхрондық және диахрондық кезеңді қарастырумен болатын ұзақ үдеріс. Осы орайда қазақ тілі ғалымы Н. Оралбай: «... тілдің сөзжасам жүйесі көне замандардан бері қарай үнемі дамып, күрделеніп, қазір әбден қалыптасқан, бірақ ол даму тоқтатады деген сөз емес. Тілдің сөзжасам жүйесі бірден өзгеріп кетпейтін құбылыс болғандықтан, оны біршама тұрақты деп санағанмен, ондағы болып отырған үздіксіз даму, сандық өзгеріс ретіндегі жылжымалылық, оның әр саласының қызметі әр дәуірде құбылып тұратыны анық байқалады» [3,22]-деген пікірін де дәлелге аламыз.

Сөздердің дамуы мен дербес сөз болып тұрақталуы өзінің заңдылығына негізделеді. Заңдылық-шарттардың бірі орындалмаса, сөз ұғымдық күйде ғана қалып, оның қызметін уақытша орнын басатын сөздер тобы атқарады.

2.Сөздердің туындауын тілдік бірлікпен, лексикалық-грамматикалық категориялармен ғылыми талдап көрсету, сипаттау, ғылыми тұжырымдау Сөзжасамның тіл білімдік негізі болып табылады. Сөзжасамның тіл білімдік негізі жоғарыдағы тұжырымдармен тығыз байланыста болып, солардың тоғысуымен белгіленіп отырады. Сонда сөз жасау үдерісі жалаң тілдік категориямен емес, адамның бүкіл бітім-болмысына қатысты ғылым тоғысымен мазмұнға түсіп, жалпы тілжасамның сөзжасамдық үлгісі толыққанды көрініске түсуге мүмкіндік алады. Тілдің сөзжасамдық үлгісі жүйеленеді, тұрақты сөзжасамдық үлгі түрлері пайда болады. Сөз гештальтының үлгісі екі түрлі үлгімен көрінеді:

1) Дерексіз танымдық-мазмұндық құрылымдық үлгі: әрекет түрлері – таным – мазмұн – ұғым – дыбыстық таңба – пішіндік таңба;

2) Сөз гештальтының тұлғалық, пішіндік (формалық) жасалу үлгісі: ... пішіндік таңба - негіз сөз – түбір сөз – сөзжасамдық қосымша – сөзжасамдық

мағына – туынды сөз. Туынды сөздің қалыптасу амалдарын сөзжасамдық тәсілдерарқылы қарастырып, ажыратамыз.

**Қорытынды.** Тілжасамның, сөз гештальтының танымдық, ғылыми теориялық сипатын барлық ғылым шектесімімен ашу дегеніміз **антропоөзектік** негіздемеге әкеледі. Яғни сөз гештальтының танылуына антропоөзектілік негіз болып отыр. Сөз гештальты адамзат санасында түрлі әрекетпен шоғырланған ой мазмұнынан құралады. Ал ой мазмұны әрекет – таным – мазмұнды мағынадан (семантикадан) туындап, «ұғым – атау (аталым)» қалыптастырады. Осылайша ой, сөз тұтастығы пайда болады.

Жалпы алғанда, кез келген сөздің жасалымы – метафоралық атау. Метафоралық атау когнитивті тетік арқылы іске асатын психикалық ойлау нәтижесі болып табылады. Соған орай кез келген атау сөз адам санасында когнитивті метафоралық модельмен туындайды [8].

Тіл ғылымында метафоралық қолданыстың өзіндік заңдылығы бар. Метафора заңдылығымен қарасақ, әлемдегі барлық зат-құбылысқа, қозғалыс-әрекетке берілген атаулардың бәрі метафоралы. Кез келген затқа-құбылысқа берілген атау адам танымынан туындап отыр. Адам танымы алдымен оның өзін танудан басталады. Нақтыласақ, дүниедегі барлық зат атаулы адам бойындағы дене мүшелері атауынан, адамның қозғалысынан, танымға жетелейтін әрекеттен қалыптасқан. Ендеше кез келген заттың атауы (сөз) оның басқа бір затқа ұқсатуымен жоғарыда көрсетілген заңды тетіктермен пайда болады.

Тілдік метафора логикалық бірлік болғандықтан, метафоралы қолданыстың арғы тегі адамзат ойлауының тереңдігінде жатыр. Түпсіз тұңғыықтан шығатын мазмұн, ұғым, өткір, ұтқырлы ойлау метафоралы аталымды, сөзді дүниеге әкеледі.

Ой, ойлау әлемді тану арқылы іске асып, ұғым тудырып, одан әрі метафоралық атауға итермелейді. Ой, Ойлау тек көру, есту, білу, сезіну арқылы болады. Сондықтан да ғалым Қ. Жұбанов «Ой деген адамның өзі жайлы болмаса төңіректегілер жайлы білгені. Сөз деген – сол білген нәрселердің аты. ... Ойды сөзбен білдіреді» - деп танымдық ой қорытады.

Метфоралы қолданыс сөз гештальты толық қалыптасқанға дейін өн бойында жүріп тұрады, сөйтіп сөз гештальты (тұтастық) метафоралық тетіктерді де негізге алып, тіл ғылымының барлық саласымен тығыз байланысып, қалыптасады. Мысалы, тіл ғылымындағы сөз жүйесі (тура мәнді сөздер мен тұрақты тіркестер), семасиология, грамматика (сөзжасам, морфология, синтаксис, мәтін синтаксисі) сөз гештальтының бүкіл үдерісін, тұтас қызметін, қалыптасу, танылу жолдарын тіл білімдік заңдылықтармен ашуға мүмкіндік береді. Бірақ тіл ғылымында, әлі де болса, сөзжасамның басқа ғылыммен, тілдік бағыттармен, логика, философия, психология, нейрофизиология салаларымен байланысы терең ашылмай, тек жалпы сипатталып, сөзжасамды қарапайым «туынды сөз» түрінде қарау, жалаң

құрылымдық, формалық негізде зерттеу басым түсіп жатыр. Сөзжасам саласының жеке ғылыми бағыт түріндегі қызметтік өрісі тілжасамдық тұтастықта түсіндірілмей келеді. Бұл арада тіл этимологиясы да, тіл генетикасы да қатысты. Тіл генетикасы мен сөзжасам – бір-бірімен тең дәрежеде келетін, бірақ әрбірінің өз танымдық, формалық заңдылығы болатын ғылыми бағыттар. Екіншіден, сөзжасам тіл генетикасы мен психолінгвистика негіздері арқылы танылатын тіл ғылымы саласы болып табылады.

Тіл ғылымындағы зерттеу басқа ғылым түрлерінен ерекше. Оның ерекшелігін тек тіл ғылымымен айналысушылар түсінеді. Тіл ғылымында жүргізілетін кез келген зерттеу Адамзат тілінің алғашқы өзегін, діңгегін тануға, ашуға бағытталуы тиіс. Өйткені адамзат тілінің бастапқы негіздерін дұрыс түсініп білмей, қазіргі қалыптасқан тілдің табиғаты мен қызметі туралы дұрыс, ақиқат түсінік ала алмаймыз. Жалпы болжамдарға құрылған «шет тілдік» түсініктер кейінгі зерттеушілерді адастырып, ұшқары түсінік қалыптастыруы мүмкін.

Тіл ғылымы нақты ғылым қатарына жатады. Тілдік категорияның барлығы, тілдің дыбыстық жүйесі, оның пайда болуы, өмір сүруі өте жоғары табиғи дәлдіктегі заңдылыққа негізделіп, этнотектік зерттеулер арқылы танылады. Тек сонда ғана тіл ғылымының тың идеялармен тоғысқан сипаты шығады. Қазір тіл ғылымының өткенін негіз ете отырып, жаңа қырынан зерттеулік әдістерін шығарып, тілжасамды зерттеудегі басымдыққа алынатын жаңа теориялық ілімдерді іске асыру мәселесі ғалымдар тарапынан қарастырылып жатыр. Тіл ғылымының жаңа ілімдері тілді барлық ғылым тоғысында зерттеу нәтижесінде туындайды[13].

Ғалым О. Сүлейменовтің тіл ғылымы бағытында адамзат тілінің қалыптасуын арғы тектен бастау алғызып қарастырғаны белгілі. Оның сөзтаным туралы зерттеуіндегі тіл генетикасына қатысты тұжырымдары біз сөз етіп отырған сөз, тілжасам, сөз гештальты түйінін шығаруға тірек болады. Ол: «Главный вопрос языкознания – причинность слова. ... В чем причина образования данной формы лексемы и ее значения? В чем причина их изменений? В попытках решить эти задачи и формировалось языкознание со времен стоиков» [12] - деп қорытады.

### Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл құрал. – Алматы: «Сардар», 2009. – 348 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 640 б.
3. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: «Қайнар», 2002. – 192 б.



4. Лакофф Дж. О порождающей семантике (перевод с англ, Н.Н. Перцовой) // Новое в зарубежной лингвистике, вып. X. – М.: «Прогресс», 1981. – 567 с.
5. Лакофф Дж. Лингвистические гештальты (перевод с англ., Н.Н. Перцовой) // Новое в зарубежной лингвистике, вып. X – М.:«Прогресс», 1981. – 567 с.
6. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – Москва: Смысл, 1999. – 287 б.
7. Маслова В.А. Лингвокультурология. Уч. пособие. – Москва: «Академия», 2001. – 208 с.
8. Мечковская Н.Б. Язык и религия. Лекции по филологии и истории религий. – Москва: ФАИР, 1998. – 352 б.
9. Temirgazina Z., Akosheva M., Shakaman Y., Shaharman A., Kurmanova Z., Kairova M. Metaphors in Anatomical Terminology // Space and Culture, India. 2019, 7, 143-153 s. <https://doi.org/10.20896/saci.v7i1.528>
10. Гейвин Х. Когнитивная психология. – СПб.: Питер, 2003. – 272 б.
11. Сулейменов О. Язык письма. – Алматы-Рим, 1998. – 502 б.
12. Сулейменов О. Собрание сочинений // Язык письма. 4/1. – Алматы: «Атамұра», 2004. – 256 с.
13. Шайбакова Д.Д. Генерализация научных идей в лингвистике // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №4. – Б. 6-16.

#### **Ы.Б. ШАКАМАН**

Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана  
Павлодар, Казахстан

#### **ГЕШТАЛЬТ СЛОВА**

**Аннотация.** В статье в качестве объекта исследования темы рассматриваются выводы исследователей о картине мира, системе смыслов, менталитете и культуре человечества. Цель исследования – обосновать проблему словообразования с научно-познавательной стороны. Предмет темы выражается в том, что гештальт слова (языка) позволяет понять основы семантики языка. Слово создается с помощью познания, бытия, действия, концентрации образа мира в мысли, формирования определенного понятия. В статье также объясняется, что словообразование находится под влиянием как культурного познания, так и ментального процесса. То есть гештальт слова – это действие, семантика, мысль, концепция, звуковая форма, номинатив – целостность всего.

В статье используются методы контекстуального анализа, дифференциации, контент-анализа, дедуктивного, индуктивного, обобщения

выводов исследования.

В статье также описывается психолингвистическая сущность языка. Автор подчеркивает, что слово (язык), охватывающее от одного звука до текста, имеет гештальт-характер, являясь основным дискурсом, передающим картину мира посредством языка. Автор статьи объясняет, что слово – это обобщенный образ мира в сознании, запечатленный в одной точке; номинативное, семантическое выражение образа мира в сознании. В заключение отмечается, что гештальт слова в целом формируется из содержания мысли, сконцентрированной в сознании различными действиями.

**Ключевые слова:** словообразование, гештальт слова, психолингвистические, нейролингвистические аспекты, мышление, семантика, язык, форма.

**Y.B. SHAKAMAN**

Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

### **GESTALT WORDS**

**Annotation.** The article considers the conclusions of researchers about the image of the world, the system of meanings, the mentality and the culture of the nation as the subject of research. The purpose of the study is to substantiate the problem of Word formation from a scientific and cognitive point of view. The topic of the topic allows us to understand the basics of gestalt-linguistic semantics of a word (Language). The word is created with the help of cognition, being, action, concentration of the image of the world in thought, the formation of a certain concept. The article also explains that word formation is influenced by both cultural cognition and the mental process. That is, the gestalt of a word is an action, semantics, thought, concept, sound form, nominative - the integrity of everything.

The article uses methods of contextual analysis, differentiation, content analysis, deductive, inductive, and generalization of research results.

The article also describes the psycholinguistic essence of the language. The author emphasizes that a word (language) from a single sound to a text is the main discourse that has a gestalt character, conveys the picture of the world through language. The author of the article explains that this word is a generalized image of the world in consciousness captured at a single point; a nominative, semantic representation of the image of the world in consciousness. In conclusion, we note that the gestalt of the word as a whole is formed from the content of thought, which is concentrated in consciousness through various actions.

**Key words:** word formation, oral gestalt, psycholinguistic, neuro-linguistic, physiological bases, thinking, content, language, form.

### References

1. Baitursynov A. Til qural. – Almaty: "Sardar", 2009. – 348 b.
2. Jubanov Q. Qazaq til biliminiń máseleleri. – Almaty: "Abzal-Aı", 2013. – 640 b.
3. Oralbaeva N. Qazaq tiliniń sózjasamy. – Almaty: «Qainar», 2002. –192 b.
4. Lakoff J. O porojdaiuşı semantike (perevod s ang, H.H.Persovoi) // Novoe v zarubejnoi lingvistike, vyp. X. – M.: «Progres», 1981. – 567 s.
5. Lakoff J. Lingvisticheskie geştalty (perevod s ang.,H.H.Persovoi)//Novoe v zarubejnoi lingvistike, vyp. X – M.:«Progres», 1981. – 567 s.
6. Leontev A.A. Osnovy psiholinvistiki. – Moskva: Smysl.1999. – 287 s.
7. Maslova V.A. Lingvokülturologia. Uch.posobie. – Moskva: «Akademia», 2001. – 208 s.
8. Mechkovskaia N.B. İazyk i religia. Leksii po filologii i istorii religii. – Moskva: FAİR. 1998. – 352 s.
9. Temirgazina Z., Akosheva M., Shakaman Y., Shaharman A., Kurmanova Z., Kairova M. Metaphors in Anatomical Terminology // Space and Culture, India. 2019, 7, 143-153 s. <https://doi.org/10.20896/saci.v7i1.528>
10. Geivin H. Kognitivnaia psihologia. – SPb.: Piter, 2003. – 272 s.
11. Süleimenov O. Jazyk pisma. – Almaty-Rım, 1998. – 502 s.
12. Süleimenov O. Sobranie sochineni // Jazyk pisma.4/1. – Almaty: «Atamūra», 2004. – 256 s.
13. Shaıbakova D.D. Generalızasia naıchnyh idei v lingvısike // Qaraǵandy úniversitetiniń habarshysy. Filologia serıasy. – 2022. – №4. – B. 6-16.

#### Автор туралы мәлімет:

**Шақаман Ырысгүл Бектемірқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан.

**Шақаман Ырысгүл Бектемірқызы** – кандидат филологических наук, профессор, Павлодарский педагогический университет имени А. Марғулана, Павлодар, Казахстан.

**Shakaman Yrysgul Bektemirkyzy** – candidate of philological sciences, professor, A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.